

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІН ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЕЛДІҢ КӨЛІК – ЛОГИСТИКА ЖҮЙЕСІН
ДАМУДА МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ БОЙЫНША ЖҮКТЕРДІҢ
ӨТУ ЖӘНЕ ТАУАРЛАРДЫ ТРАНЗИТПЕН ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ 13-15 КҮНДІ ҚҰРАЙДЫ. БҰЛ ТЕҢІЗ КӨЛІГІМЕН
САЛЫСТЫРҒАНДА ЕКІ ЕСЕ ЖЫЛДАМ.

Ерлан ӘБСАТОВ,
«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағының бас директоры



№97 (2705)
23/11/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ: темір тұлпарды тізгіндегендер

Олар – еліміз егемендік алған жылы дүние есігін ашқан бақытты ұрпақ. Тәуелсіздік таңы атқанда дүниеге келген төртеу – Данияр Сағатбек, Әділхан Сейітов, Мұхтар Әбілхан және Медет Әшімов бүгінде Қызылорда локомотив пайдалану депосының машинистері.

Орда бұзар отыз жастағы жігіттер отандық темір жол көлігінің өркендеуі жолында тер төгіп, теміржолшы кәсібін мұрат тұтқан кешегі аға буынның даңқты жолын абырой-

мен жалғап келе жатқан жас буын өкілдері. Данияр тепловоз машинисі болса, Әділхан, Мұхтар, Медет машинист көмекшілері. Жас та болса ұжымда сенімге ие болып үлгерген

олар Тәуелсіздік алған жылы дүниеге келгендерін мақтан тұтады. Сонымен қатар, өздерінің кәсіби міндеттерін мінсіз атқаруға тырысады. «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін»

деген ұстаныммен кез-келген істе бір біріне көмек қолын созып, кемшілікті дер кезінде жоюға ұмтылады.

Тәуелсіздік құрдастары бір күнде тепловоз кабинасына отырған жоқ, бірі алғашқы еңбек жолын слесарлықтан, бірі машинист бригадаларын жұмысқа дайындауда көмекші болып бастап, білім мен тәжірибе жинап, тепловоз тізгініне ие болған.

– Тәуелсіздік қастерлі ұғым. Біздің депода «Тәуелсіздік құрдастары» деп ерекше көңілмен қарайтын бір топ жас әріптестеріміз бар. Олардың әрқайсысының өзіндік орны бар. Бәрі де ұқыпты, еңбекқор жастар. Маған ұнайтыны олар бір-біріне көмектесіп жүреді, қоғамдық жұмыста да елдің алдымен қимылдайтын, бастама көтеретін осы жастар, – деп пікір білдірді депо бастығы Жұлдызбай Мұсаев.

«Біздің депо – аймақтағы ең ауқымды, ғасырдан аса тарихы бар, байырғы депо. Жұмысымыз тасымалдаумен байланысты болғандықтан тепловозды күту, жүргізу, қабылдап-тапсыруда «сен машинист, мен көмекші» емес, тең деңгейде жұмыс атқарамыз. Тәуелсіздікпен қатар өсіп келе жатқан ұрпақымыз. Жыл сайын Тәуелсіздік мерекесі жақындағанда бір жылға есейгенімізді сеземіз де қуанамыз және өзімізге қосымша жауапкершілік жүктейміз. Барлық қиындыққа шыдап, төзуге болады, тек Тәуелсіздіктің тұғыры биік те берік болсын», – дейді тәуелсіз елдің ұландары атынан Данияр Сағатбек.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор

ГРУЗ ДОСТАВЛЕН УСКОРЕННО



Осуществлена первая комбинированная перевозка катодной меди в Китай – со станции Балхаш в провинцию Шаньси г. Сиань (КНР) отправлены 17 крытых вагонов.



Вес груза – более 1 300 тонн. При этом, отправка осуществлялась по принципу комбинированной перевозки.

Сначала медь проследовала до станции Алтынколь в крытых вагонах, затем на терминале ТОО «KTZE-Khorgos Gateway» ее перегрузили в контейнеры.

Контейнерный поезд был сформирован в сжатые сроки – в течение суток. Скорость перегруза на один крытый вагон составила рекордные 1 час 10 минут.

– В условиях ограниченного приема поездов китайской стороной, связанного с введенными антиковидными мерами, комбинированные перевозки сокращают оборот универсального вида подвижного состава, а также упрощают прием грузов в контейнерах на китайской стороне, – рассказал заместитель генерального директора по логистике АО «KTZ Express» Айбек Капар.

Алуа ТЛЕУБАЙ, Нур-Султан
Фото Александра ЖАБЧУКА

Перевозки

ПЕРВЫЙ ШАГ К ЦИФРОВЫМ КОРИДОРАМ

АО «ОТЛК ЕРА» осуществило тестовую отгрузку порожних фитинговых платформ по маршруту Брест (Беларусь) – Достык/Алтынколь с применением электронной накладной.



Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Пилотный проект стал первым шагом по переходу на сквозной электронный формат транзитной накладной для перевозки грузов как по территориям стран – участников ЕАЭС, так и в перспективе на всем маршруте Китай – Европа – Китай. Напомним, электронная наклад-

ная позволяет всем участникам перевозочного процесса не только осуществлять обмен данными, но и своевременно получать информацию о нахождении груза на всем пути следования. Она является основой процесса развития цифровых коридоров.

– Конкурентоспособность международной логистической цепочки в значительной степени зависит

от надежности и предсказуемости перевозки, что, в свою очередь, определяется эффективностью обмена данными, своевременностью и удобством получения информации, а также достоверностью этих данных, – говорит генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром. – Переход на перевозки с использованием электронной накладной на колее 1520 станет дополнительным стимулом для продвижения безбумажных технологий на всем маршруте Китай – Европа – Китай. Реализация отправок с применением только электронной накладной – первый шаг в рамках исполнения проекта ЕАЭС по запуску экосистемы цифровых транспортных коридоров. Кроме того, она включена в план первоочередных мероприятий по цифровизации грузовых железнодорожных перевозок в интересах развития торгово-экономического сотрудничества между странами ЕАЭС и Китаем.

КОНТЕЙНЕР ТРАНЗИТІ ӨСТІ



Биыл 10 айдың жұмыс қорытындысы бойынша Қазақстан аумағы арқылы өтетін барлық транзиттік контейнерлік тасымалдар көлемі 880 мың жиырма футтық эквивалентті (ЖФЭ) құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25 пайызға көп.

Жалпы, Қазақстан аумағы арқылы темір жол көлігімен жүк транзитінің көлемі өткен жылдың деңгейіне сәйкес келеді. Жүк тасымалы бойынша танымал бағыттардың бірі Қытай – Европа – Қытай болып табылады. Осы жылы қаңтар мен қазан айларында аталған бағыттағы тасымал көлемі өткен жылға қарағанда 36% өскені байқалды. Каспий өңірінің порттары арқылы жүк тасымалдау ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3% ұлғайды және де ол 4,6 млн.тоннаны құрады.

Ақтау халықаралық теңіз порты арқылы жүк тасымалдау көлемі 2020 жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткіштерінен 15%, яғни 2,9 млн.тоннадан асып түсті. Теңіз порттары арқылы астық экспорты 2021 жылдың 10 айында өткен жылмен салыстырғанда 56% артып, 1,2 млн. тоннадан асты.

Ұлан ОРАЗ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҚЫТАЙ – ЕУРОПА – ҚЫТАЙ БАҒЫТЫНДАҒЫ
КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ 2021 ЖЫЛДЫҢ
ОН АЙЫНДА

604,5 мың

ЖФЭ-НІ ҚҰРАҒАН.

«ҚАМҚОР ВАГОН» ЖШС ЖЫЛ САЙЫН

15 000

АСТАМ ВАГОНДЫ ЖӨНДЕЙДІ.

АЛМАТЫ ЛОКОМОТИВШІЛЕРІ
ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

506

ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ ҚОЛДАНҒАН.

ОБМЕН ОПЫТОМ



ВЫСТАВКА

Любовь НЕГЕМБЕЛОВА,
Нур-Султан

В мероприятии приняли участие исполнительный директор по маркетингу и логистике ТОО «Порт Курык» Алибек Утегенов и начальник

службы маркетинга порта Айткали Нурмагамбетов.

В ходе работы выставки они обменялись опытом с экспертами из



разных стран в области строительства морских портов, логистических

центров, а также обсудили состояние и перспективы развития отечественной

транспортной отрасли – программу контейнеризации, информационные и цифровые технологии, совершенствование транзита и вопросы морских перевозок.


Кроме того, делегация порта Курык посетила транспортно-логистические центры Чукурсайский и ULC в Ташкенте.

По словам участников, посещение выставки позволило не только оценить ситуацию на рынке и узнать о тенденциях развития транспортной отрасли, но и наладить диалог с ведущими международными экспертами для дальнейшего плодотворного сотрудничества.

Фото автора

Вагон шаруашылығы

ТАҒЫ БІР АҚАУ АНЫҚТАЛДЫ



Ұлан ОРАЗ,
Маңғыстау

Бейнеу станциясындағы Маңғыстау вагон пайдалану депосы техникалық қызмет көрсету қосынының вагон қараушысы автотізбектен тағы бір күрделі ақау тауып, апаттың алдын алды.

Бұл жолы небәрі үш жылдық тәжірибесі бар, жас та болса тиянақты жұмысымен көзге түсіп жүрген вагон қараушы Нұрболат Китжановтың қырағы назарына іліккен ақау Бейнеуте Тассай станциясынан келіп тоқтаған жүк пойызының бір вагонындағы автотізбектен анықталған. Бұған дейін де ол вагоннан ақауды дер кезінде тапқан еді.

– Ақтау портына қарай бағыт алып бара жатқан құрамның жүк вагонынан табылған сызат кәдімгідей жарыққа айналуы мүмкін еді. Өзім байқаған ақауды дереу аға вагон қараушыға хабарлап, мұқият тексере келе акт толтырылып, вагон пойыздан ағытылып, ағымды жөндеу жүргізетін 6-тұйыққа жеткізілді, – дейді Нұрболат Китжанов.


Вагоншылар күнделікті 12 сағаттық ауысымда 7-8 пойызды қарап, техникалық қызмет көрсетеді. Талапқа сай бір пойызға 6 вагон қараушыдан бөлінеді. Маңғыстаулық вагоншылар кәсібилігімен және қырағылығымен көзге түсіп жүр, газетіміздің өткен санында «Автотіркегішке назар» айлығы аясында түрлі дәрежедегі ақау анықтаған түбектік вагон-қараушылар туралы айтқан болатынбыз.

Жас теміржолшы Нұрболат Бейнеу ауданында дүниеге келіп, Ақтөбеде теміржол саласында арнайы білім алған. Отбасында бауырларының бәрі – теміржолшы. Қауіпті ақауды анықтағаны үшін Нұрболат арнайы сыйақыға ұсынылды.

Суретті түсірген автор



ТӘЖІРИБЕСІ КӨМЕКТЕСТІ



Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс

Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету – барлық теміржолшының міндеті. Дегенмен, жылжымалы құрамнан ақаулы вагонды табу – вагон қараушының басты жұмысы. Демек, теміржолда апаттың болмауына вагон қараушылардың жауапкершілігі екі есе деген сөз.



Егер олар өз жұмысында қырағылық танытпаса, жауапкершілікпен қарамаса, талай ақаулы вагондар қос рельс бойымен зуылдап жүріп, бір күні морт сынып немесе жарылып үлкен апаттың орын алуы әбден ықтимал. Жуырда арыстық вагон қараушы осындай бір қауіптің алдын алды.

Арыс вагон пайдалану депосына қарасты Түркістан техникалық қызмет көрсету пунктінің вагон қараушысы Әріпжан Байметов 29 қазан күні №3422 жүк пойызының №70714654 вагоннан ақау тауып, қозғалыс қауіпсіздігіне төнген қатерді жойды. Ол әдеттегідей вагон дөңгелектерін бақылау балғасымен ұрып көріп келе жатып, бір вагоннан дыбыстың өзгеше шыққанын аңғарып қалды. Әбден мұқият тексере келе, бір кілтпанның барына көз жеткізеді. Ақау туралы ақпаратты вагон қараушы дереу аға вагон қараушыға, одан ол Арыс вагон пайдалану депосы бастығының орынбасары Данабек Сүлейменовке шұғыл жетеді. Қауіп расталып, ақаулы вагон ағытылып, жөндеу цехына жөнелтіледі.

Қырағы вагон қараушы Әріпжан Байметовтің еңбек өтіліне биыл 30 жыл толады екен. Қазақстан тәуелсіздік алған жылы теміржол саласына келген ол, жұмысын слесарь болудан бастаған. Бұған дейін де бірнеше ақауларды анықтап, қауіптің алдын алған қырағы вагон қараушыны сыйақыға ұсыну қарастырылуда.

Айта кетейік, вагон шаруашылығы бойынша 18 қазан мен 18 қараша аралығында «Назар аударыңыз, автотіркегіш құрылы!» атты айлық өткен болатын.

Суретті түсірген автор

ЖАСАМПАЗ ЕҢБЕКТІҢ ҮЛГІСІ БОЛҒАН ҰРПАК

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

«Нұр Отан» париясының жергілікті «Теміржол» филиалы төрағасының орынбасары Базара Танбаеваның партияның кешенді шаралар акциясы негізінде ұйымдастыруымен өткен кездесуде тарлан теміржолшының өткен өмірі үлгі етіліп, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұшырасқан қиыншылықтар мен кедергілер, оларды жеңу жолында аға ұрпақтың ерлікке пара-пар іс әрекеті сөз болды.

Әнуар Төлегенұлы мен Аманжол Әлімбаевтардың шәкірті болған Ораз Өмірзақұлы өз шәкірттерімен де мақтана алады. Мәселен Қалтай Әбдіразақов, Болат Ибадуллаев, Геннадий Шиповских Орекеңнің шәкірттері.

Арыс пен Қазалыда машинистер даярлайтын курстан машинист көмекшісі кәсібін игеріп өндіріске араласқан Ораз Өмірзақұлы салада сатылай өсіп, депо басшысының орынбасары, бөлімше басшысының локомотив пайдалану жөніндегі орынбасары қызметіне дейін еңбек жолынан өткен. Тәжірибелі теміржолшымен кездесу мазмұнды да әсерлі болды.

«Локомотившілер өз заманының бесаспап маманы болған ардагер Оразбек Өмірзақовпен кездесуінде бесаспап теміржолшының аймақ теміржолын дамытуға қосқан үлесі жастарға үлгі етілді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жағдай мен атқарылған жұмыстарға шолу жасалды. Ардагердің әңгімесінің өзегі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын-қыстау кезеңде отандық теміржолдың

Қызылорда локомотив пайдалану депосының мұражайында байырғы машинист, депоның бас инженері, бөлімше басшысының локомотив пайдалану жөніндегі орынбасары болып өнегелі еңбек еткен Ораз Өмірзақұлымен кездесу болып өтті.



қалай жұмыс жасағаны, қазақстандық локомотив деполарында жүзеге асқан үнем, қауіпсіздікті сақтау, т.т. мәселелер сөз болды. Ол кейінгі жастар үшін тәрбиелік мәні бар сабақ дер едім», – дейді «Теміржол» филиалы төрағасының орынбасары Базара Танбаева.

1991 жылдары орын алған дағдарыс кезінде Қызылорда локомотив депосында бастау алған реформалардың бірі – тепловоздарды модернизациялау болып табылады. Нәтижесінде мыңнан астам теміржолшының жұмыс орны сақталып, өндіріс тоқтаусыз жұмыс істеді.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тепловоздарға қажетті қосалқы бөлшектердің тапшылығы сезіле бастады. Тығырықтан шығу үшін депо жанынан қосалқы бөлшек дайындайтын капрон цехы, пластмасса цехы, жөндеу цехтарын ашып тепловозды жөндеуге қажетті бөлшектерді өзіміз шығарып, дайындау жұмыстарын бастады. Майталман теміржолшы Лепес

Жаниязовтың ұйымдастыруымен талай жұмыс жүзеге асырылды. Тепловоз қозғалтқышына керекті бөлшектер, резеңке цехында резеңке төсемелері құйылды. Дизелдің су тұратын адапторлық шарбылары қолдан құйылды, капрон цехында жанар-жағар май бактары мен қосымша бөлшектері әзірленді. Жалпы депода тепловозға қажетті заттың қолдан келгенін дайындауға күш салынып, ауқымды жұмыстар атқарылды. Соның арқасында дағдарыстан қиналмай шығып, теміржолдағы қозғалысты тоқтатқан жоқпыз. Бұл жұмыстар бертіңге дейін, теміржол саласына жаңа, заманауи технологиялар, «Эволюшн» тепловоздары қолданысқа енгізілгенге дейін жүргізілді. Бүгінде міне, ескіні жамап-жасқаудың күні өтті, өндіріске су жаңа тепловоздар келіп, қуаттылықты арттырды, – деп естелік айтты Ораз Өмірзақұлы.

Суретті түсірген автор

ӘТЖК – 100 жыл

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚҰРЫЛҒАН КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ

«ӘТЖК» ЖШС-нің Семей филиалы өзінің жүз жылдық мерейтойына толайым табыспен жетіп отыр. Бөлімшенің 1394 шақырымдық телімі бойында нысандар мен жүк және жолаушы пойыздарының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген күзетшілер жұмысы жүйелі.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Шекаралық аумақты қоса қамтитын, теміржол бойындағы күзетілетін нысандары көп осы Семей филиалының директоры Самат Райымбековтың айтуынша, ағымдағы жылдың өткен он айында күзетке 32728 пойыз, 846560 вагон алынып, толыққанды қамтылып, межелі станцияларға аман-есен жеткізіліпті. Филиал қарамағындағы нысандар да сапалы күзет жасақтарымен қамтамасыз етілгендіктен, ұрлық-қарлық, басқалай қылмыс орын алмаған.

Әрине, әскерилендірілген күзет қызметі қылмыстың алдын алумен қатар, құқықбұзушылықтың жолын кесумен де ерекшеленеді.

– Жылдың өткен он айында филиалдың мобильді шұғыл әрекет ету тобының күзетшілері он үш ұрлық фактілерін тіркеп, ұсталған жиырма адамды желілік ішкі істер бөліміне тапсырды. Өткен жылмен салыстырғанда ұрлықпен ұсталған адамдар саны он бес пайызға артқаны байқалады.

Бұл әрине таңдиді де алаңдатты, қырағылықты күшейтуімізге түрткі болып отыр, – дейді филиал басшысы Самат Ғазизұлы. Семейлік әскерилендірілген күзет қызметі қатарында біліктілігі мен күш-жігерін аямай, адал еңбек етіп жүрген жандар аз емес. Атап айтқанда филиалдың күзет ұйымдастыру бөлімінің бастығы М.Қыңырбеков, 1-ші санатты инженерлер К.Ахатаев, Қ.Базарғалиев,

А.Мұхамеджанов сынды өз ісінің шеберлерін айтуға болады.

Сонымен қатар, филиалдың шұғыл оңтайлы әрекет ету тобының бастығы Ш.Мамырбеков, Өскемен-Істанциясы атқыштар командасының бастығы Қ.Нығметжанов, осы команданың аға күзетшілері Б.Сырымбаев, А.Мұқашев, күзетші А.Оспанов, Семей станциясының атқыштар командасының күзетшілері А.Қажабаев, А.Ахметов, Қ.Ахмадиев, Қ.Тілекова, Аякөз станциясының АҚ күзетшілері Д.Байсағыз, Шар станциясының атқыштар командасының күзетшілері Б.Нұрғазин, Б.Құрманғалиев сынды қызметкерлер өз міндеттерін абыроймен атқаруда.

Осы орайда өзінің өкілеттік шеңберінде өндірісте қауіпсіздік

және саламатты еңбек жағдайының жасалуына атсалысып жүрген ұжымның кәсіподақ ұйымы төрағасы Амантай Қатпеновті сөзге тартқан едік. Ол бүгінгі таңда филиалдың барлық командаларында еңбекке қажетті жағдай жасалғанын айтады. Бәрінде ас ішетін, киім шешетін, демалыс бөлмелері мен жуынатын бөлмелермен жабдықталған. Күзетшілер жазғы және қысқы қызметтік киіммен толық әрі уақытылы қамтылуда. Мұның сыртында әр команда қызметтік автокөлікпен, арнайы құрал-жабдықтармен, байланыс құралдары және қызметтік қару-жарақпен де қамтамасыз етілген. Сол тәрізді филиалда спорттық жаттығу залы, күзет қызметінің өткені мен бүгінгісін айқындайтын тәрбиелік маңызы бар стендтер ілінген.

«ӘТЖК» ЖШС Семей филиалының ұжымы алдағы уақытта да өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындауға толық мүмкіншілігі бар. Бүгінгі таңда ол үшін барлық жағдай жасалып отыр», – деп сендірді күзет қызметінің басшысы Самат Ғазизұлы.

Суретті түсірген автор

ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР ПЫСЫҚТАЛДЫ



КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Басқосуды ашқан бөлімше директоры Үмітбек Рысбеков теміржол мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қамтамасыз ету және оған қарсы тиімді саясатты іске асыру мақсатында құқық бұзушылықтарды жасаудың алдын алудың профилактикалық іс-шаралары тұрақты жүргізіліп тұратынын айтты.

«Бөлімшеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тұрақты жұмыс істейтін штаб құрылған. Жедел штабтың негізгі міндеттеріне сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік жағдайын жасау, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту және атаған бағыттағы құқық бұзушылықтардың салдары туралы түсіндіру жұмысы тарын жүргізу кіреді», – деген Үмітбек Есмұратұлы, мемлекеттік қызмет істері және



сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен теміржол көлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасалғанын еске салды.

Осы құжаттың аясында «Адал жол» жобалық кеңсесі құрылған. Бұл орталық компанияның тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, ұрлық аппарат пен оған еншілес ұйымдардың азаматтарына көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға жәрдемдеседі. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға,

құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдардың бірлесіп жұмыс істеуіне, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жүйелі шараларды енгізу бойынша ұсыныстарды іске асыруға күш салады екен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру жұмыстарына да белсенді атсалысатын көрінеді.

Үмітбек Рысбеков қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ауыстыру кезінде құқық бұзушылық фактілерін болдырмау үшін бос лауазымдарға конкурстық іріктеу рәсімдерінің ашықтығы қамтамасыз етілетінін мәлімдеді. Персоналды

жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерді болдырмау үшін қолданылатын шараларды жеткізді.

Жалпы, қоғамның дерті саналатын бұл мәселеге қатысты тұрақты мониторинг жүргізіледі. Селекторлық кеңестерде станция басшыларына Заңға және компанияның жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес лауазымдық міндеттерін орындау үшін жауапкершілікті күн сайын күшейту қажеттігі ескертіледі, жемқорлық пен терроризм – індет, онымен жұмыла күрессек қанда жеңеміз», – деді Үмітбек Есмұратұлы.

Басқосуда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті бастығының бірінші орынбасары Бақытжан Ниязов, ҰҚК Жамбыл облысы бойынша департаментінің өкілі Батырбек Атамқұлов, Жамбыл көлік прокуратурасының прокуроры Азамат Меңгенгеров және басқа да сала мамандары сөз сөйледі. Олар тақырыпқа байланысты өз салаларындағы соңғы өзгерістерді, ұсыныс-пікірлерін, ойларын жеткізді. Ортақ проблемаларды талқылап, бұдан былай да бірлесе жұмыс істеуге уағдаласты.

Суретті түсірген автор

УПРАВЛЕНИЕ ЗАПАСАМИ



ТРАНСФОРМАЦИЯ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

Семинары проводились в течение недели, в них приняли участие сотрудники компании из всех регионов.

Для их проведения функциональным направлением «Управление запасами» филиала АО «НК «КТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания» была специально разработана программа обучения и инструкции. Слайды наглядно продемонстрировали пошаговые действия работников при выявлении неэксплуатационных ликвидных и неликвидных запасов (НВЛ/НЛ) и их переклассификации.

Руководитель функционального направления «Управление запасами» Гульнара Аманбаева проинформировала работников о достигнутых результатах по проекту и разработанной методологии по управлению запасами.

В ходе обучения были продемонстрированы примеры построения аналитической отчетности для проведения дальнейшего детального анализа движения товарно-материальных ценностей, приводились конкретные примеры работы в разных учетных системах, были разъяснены принципы переклассификации планирования способов оптимизации товарно-материальных ценностей, требуемых для

повышения уровня сервиса и обеспечения рационального уровня запасов. Таким образом, ключевых пользователей проекта «Управление запасами» вооружили конкретными инструментами анализа движения ТМЗ.

– Умение работать по методологии позволит сотрудникам получать прозрачную информацию о запасах, рассчитывать требуемые показатели для аналитики и принимать гибкие управленческие решения, – рассказала Гульнара Аманбаева.

Стоит отметить, что оптимизация управления запасами является одним из приоритетных направлений развития деятельности и оказывает существенное влияние на экономические показатели эффективности компании. В результате внедрения методологии происходит подготовка к автоматизации процессов и дальнейший рост компетенции в области управления запасами.

Реализация проекта «Управление запасами» программы «Цифровая трансформация» АО «НК «КТЖ» позволяет не только оптимизировать оборотный капитал, но и достигать стратегических целей.

организована Карагандинская механизированная дистанция погрузочно-разгрузочных работ, а в 1941 году – Карагандинская дистанция сигнализации и связи.

На сегодняшний день протяженность отделения составляет более 1 700 километров.

– Это мощное железнодорожное производственное объединение, которое включает в себя 3 основных локомотивных депо (Караганда, Жана-Арка и Балхаш), 2 оборотных локомотивных депо (Акадыр и Жезказган), 2 вагонных депо (Караганда и Балхаш), 4 дистанции пути (Карагандинская, Акадырская, Балхашская и Жана-Аркинская), 4 дистанции сигнализации и связи (Карагандинская, Акадырская, Балхашская, Жана-Аркинская), 2 дистанции электроснабжения (Карагандинская и Акадырская), четыре мощные сортировочные станции (Караганда-Сортировочная, Жанааул, Балхаш и Мойынты), 89 станций и разъездов, – подчеркнул Марлен Кокрекбаев.

В создании производственной базы и формировании трудового коллектива велика роль руководителей. За 80 лет истории их было 21.

Фото автора

ЗАГОРЕЛСЯ ДВИГАТЕЛЬ



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



УЧЕНИЯ

На станции Костанай прошли тактико-специальные учения на тему: «Условное тушение пожара в локомотиве на территории ТЧЭ-20».



Учения проводились с привлечением пожарного поезда станции Костанай, а также подразделений ГУ «СП и АСР» ДЧС Костанайской области и формирования противопожарных звеньев гражданской защиты.


Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев, учения проводились на территории ТЧЭ-20. Цель учений – отработка взаимодействия между ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ ДЧС Костанайской области», Костанайским отделением грузовых перевозок.

По тактическому замыслу, машинистом локомотива было обнаружено возгорание тягового двигателя в секции «А» локомотива с угрозой дальнейшего распространения горения в дизельное помещение и на ходовую часть секции «Б». За считанные минуты на место условного возгорания прибыли подразделения пожарных и оперативно приступили к тушению. Вскоре очаг возгорания был локализован, а затем ликвидирован.

Всего в данных учениях принимали участие 72 человека и одиннадцать единиц техники. По итогам учений руководство дало им положительную оценку.

Фото автора

БЕЗ ПРОШЛОГО НЕТ БУДУЩЕГО



ИСТОРИЯ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Карагандинское Управление железной дороги было создано в октябре 1940 года, а в 1931-м принято постановление о создании в Карагандинском бассейне третьей угольной базы страны. Это решение сыграло важную роль в дальнейшем строительстве железнодорожной магистрали. Оно потребовало от Наркомата путей сообщения в ударном порядке не позднее 1 ноября 1931 года закончить работы по укладке пути на участке Акмолинск – Караганда. Задание партии было выполнено в срок. 31 января 1931 года рельсовый путь общей протяженностью 233 километра подведен к Караганде.



1933 год стал годом основания локомотивного депо Караганда – ныне одного из крупнейших в сети железной дороги.

Как отметил директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГТ» Марлен Кокрекбаев, в 1934-35 годах было построено пасса-

жирское здание (из камыша) и вагонное депо на 1 500 проходящих вагонов в сутки. Торжественное открытие депо состоялось 29 октября 1935 года с участием начальника Омской железной дороги Александра Фурьянского. В 1934 году создана Карагандинская дистанция пути, в 1939-м

Безопасность

ПРЕДОТВРАТИТЬ ПРОИСШЕСТВИЯ

В целях предупреждения и пресечения фактов наезда подвижного состава на людей в обслуживаемых участках линейного управления полиции на станции Алматы-1 совместно с представителями железнодорожных структур проводится широкомасштабная акция «Стоп наезды!».

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

С начала года сотрудниками полиции на станции Алматы-1 зарегистрировано 332 факта экстренных торможений поездов, 13 случаев наезда на людей, со смертельным исходом – 9, более 200 нарушителей привлечены к административной ответственности. Также выявлено 1 345 фактов прохода через железнодорожные пути в неустановленных местах.

Из практики видно, что люди пренебрегают правилами личной безопасности, находясь в зоне железнодорожного полотна. Часто подорожки делают селфи на подвижном составе, не думая о последствиях, хотя по громкоговорящей связи на всех вокзалах постоянно транслируются правила нахождения в зоне

повышенной опасности. Часто люди переходят через железнодорожные пути в момент маневрирующего состава и пользуются мобильными телефонами, а некоторые в наушниках, что категорически недопустимо.

Ситуация с бродячим скотом остается на прежнем уровне. Потенциально опасными участками можно назвать перегоны Жингельды – Шамалган, Коскудук – Кулантобе, где чаще всего можно увидеть безнадзорно гуляющий скот.

В ходе акции сотрудники полиции провели разъяснительные беседы с местным населением, с представителями крестьянских и фермерских хозяйств, рассказав, что столкновение с животным ведет не только к гибели скота, а это также чревато финансовыми убытками, связанными с



нанесением локомотиву повреждений и сбоем в графике движения пассажирских и грузовых поездов. На станциях Алматы-1, -2, Сарыозек, Алтынкөл они дали разъяснения об административной ответственности за переход в неустановленных местах, провели лекционные занятия с учащимися школ.

– Мы держим руку на пульсе с ситуацией по наездам и по бесконтрольности со стороны родителей подростков, где всему виной становится простая невнимательность и грубое нарушение личной безопасности, совместно с железнодорожниками постоянно проводим рейды, – отмечает подполковник полиции, первый заместитель начальника линейного управления полиции на станции Алматы-1 Махмет Абенюв.

Фото автора

МАСШТАБНАЯ РАБОТА

Сотрудники линейного отдела полиции на станции Оскемен-1 совместно с железнодорожниками провели акцию для предотвращения несчастных случаев в зоне повышенной опасности, предупреждения экстренных торможений, наездов на людей.


Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

– Это уже четвертый этап нашей широкомасштабной акции, – рассказал начальник отдела административной полиции ЛОП на станции Оскемен-1 майор полиции Даурен Хамзина. – Мы такую работу проводим на всех станциях. Наши люди ведут разъяснение в школах, колледжах, среди трудовых коллективов, делают подворный обход среди жителей, которые проживают вблизи железной дороги. Они разработали памятку, по ней заходят, знакомят людей с

правилами в зоне повышенной опасности. На станциях Алтай, Кумыстау, Шемонаиха, Риддер, по узлу станции Оскемен-1 – везде идут работы.

По словам Даурена Хамзина, работы проводятся в тесной связке с представителями железнодорожных организаций. Он добавил, что "некоторые моменты касаемо железной дороги они знают гораздо лучше, чем полицейские".

– У нас тесное взаимодействие с железнодорожниками, вместе ведем работу, – говорит он. – Объясняем, как важно беречь себя и своих близких, что нельзя переходить



железнодорожные пути в неполюженных местах, подниматься на крыши вагонов, локомотивов, перелезть под вагонами, находиться на железной дороге в алкогольном опьянении. Детям говорим о том, что запрещено играть вдоль железной дороги.

Первый этап акции проходил с 23 по 25 августа, второй – с 20 по 25 сентября, третий – с 18 по 22 октября.

Фото Даурена ХАМЗИНА

ТЕПЛО, СВЕТО, УЮТНО



Марьяна ПЕРВУШИНА,
Уральск



СЕРВИС

Для пассажиров и встречающих на вокзалах Западно-Казахстанской области созданы все условия для комфортного пребывания, особенно в условиях предстоящего зимнего сезона.

Здание железнодорожного вокзала города Уральска построено в 1983 году и было мало приспособлено для обслуживания людей с ограниченными возможностями. В последние годы руководством вокзала применяются все меры к формированию безбарьерной среды для маломобильных граждан и создания комфортных условий для пассажиров всех категорий.

– На сегодняшний день на вокзале станции Уральск оборудована автостоянка для инвалидов, пандусы, кнопка вызова дежурного по вокзалу у входа, комната отдыха для инвалидов на первом этаже. В ходе реализации программы «Цифровой Казахстан» для слепых и слабовидящих установлены инфокиоски с тактильной доской и наушниками, пиктограммы у касс и справочной, уложены тактильные плиты внутри здания, на подходе к нему, на каждой ступени, а также в подземном переходе на перрон, чтобы облегчить навигацию по территории вокзала, – пояснил начальник вокзала Уральск Кайырбулат Гайнеден. – Приобретено спецкресло для подъема инвалидов-колясочников с перрона в вагон, по лестнице на второй и третий этажи.

По его словам, здание вокзала в областном центре подключено к центральной системе отопления, договор с АО «Жайыктеплоэнерго» заключен. Вокзалы на станциях Казахстан, Таскала, Чингирлау, находящиеся в оперативном управлении Уральского вокзала, отапливаются природным газом, поставщик услуг – АО «КазТрансГазАймак». Все системы отопления прошли операторку, паспорта готовности получены, приняты операторы газовых котельных, первозимники прошли обучение, тепло поступило в помещения с середины октября.

Кроме того, во всех помещениях проведен косметический ремонт. В здании Уральского вокзала все металлические кресла в зале ожидания заменены на мягкие, комфортные. Для удобства пассажиров на вокзале работает круглосуточный пункт горячего питания, установлены банкоматы всех банков второго уровня, работающих в регионе.

Обеспечен и культурный досуг пассажиров – на первом этаже установлен стенд «Возьми книгу в дорогу», где можно бесплатно скачать понравившееся издание в электронном виде через QR-код. Надо сказать, Уральский вокзал стал первым участником пилотного проекта центральной библиотеки Западно-Казахстанской области, а также в числе первых предприятий в области, кто ввел вход через QR-код.

К слову, в начале года филиалом АО «НК «КТЖ» – «Актобинское отделение магистральной сети» вокзал Уральска получил сертификат доверия в области безопасности и охраны труда 1-го класса, что успешно подтверждается работой коллектива.

Спорт

НАШ ЧЕМПИОН МИРА!

На чемпионате мира-2021 по самбо, проходившем в Ташкенте, электромеханик Карагандинской дистанции электроснабжения ЭЧ-11 Рахат Жананиет завоевал золотую медаль в весовой категории до 64 килограммов.

 **Светлана МОГАЙ,**
Караганда

В первом поединке ему пришлось состязаться с опытным и сильным соперником из Греции, которому судьи и болельщики пророчили победу и титул чемпиона мира. Во втором – со спортсменом из Таджикистана, а в третьем он «положил на обе лопатки» прославленного самбиста из Беларуси.

– Все три боя были насыщенными и напряженными. Порой казалось, что не хватает воздуха и сил, однако собравшись, я все же сумел одержать победу над титулованными соперниками и завоевать «золото», – рассказывает Рахат. – Все это время меня поддерживали родственники, тренеры, коллеги и руководство. Дружным составом они проводили меня на сборы, пожелав удачи в предстоящих схватках. Для достижения желаемого результата мне пришлось много тренироваться (без малого 16 лет), изучать наиболее эффективные приемы защиты и нападения, тщательно отобранные из различных видов боевых искусств, изо дня в день ходить на тренировки, а субботу совершать кросс. Во время спортивного бега всегда есть возможность подумать о хорошем и даже помечтать. А мечтать есть о чем, к примеру, стать двукратным и трехкратным чемпионом мира. Так как самбо активно развивается и с недавних пор стало олимпийским видом спорта, то



Электромеханик Карагандинской дистанции электроснабжения

теперь у меня мечта – стать олимпийским чемпионом.

В настоящее время молодой человек трудится на железной дороге. В его обязанности входит обеспечение исправного состояния, безаварийной и надежной работы обслуживаемых устройств и оборудования, правильная их эксплуатация, своевременного и качественного ремонта. Кроме того, осуществлять модернизацию в соответствии с инструкциями по техническому обслуживанию, которые утверждены схемами и чертежам, действующими техническими условиями и нормами, своевременно выявлять причины преждевременного износа, принимать меры по их предупреждению и устранению. Со своей работой, впрочем как и в спорте, Рахат справляется на «отлично».

Коллеги характеризуют его только с положительной стороны, считают скромным и ответственным сотрудником.

– Именно выработанная годами спортивная дисциплина дает такие плоды. Своими достижениями в спорте Рахат показывает пример окружающим, и мы гордимся тем, что бок о бок трудимся с чемпионом, – отзываются об именитом спортсмене коллеги.



ӘРІПТЕС РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Жем локомотив пайдалану депосында ұзақ жылдар қызмет атқарған Бауыржан Құлбасановты еске алуға арналған кіші футболдан турнир өтті.

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Жергілікті теміржол мекемелері арасында өткен шараға қала әкімі Әлімжан Қорғанбай қатысып, теміржолшылардың игі бастамаларына қолдау танытты.

Қызықты да тартысты өткен турнир жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды. Өмір жолын еңбек майданына арнаған теміржолшының отбасы алғыс айтып, үздік ойыншыларға арнайы жүлде берді.

«Бауыржан марқұм 52 жыл ғұмырында үлгілі теміржолшы ғана емес, жақсы әке,

туысқа қамқор, досқа адал жан болды. Үздік машинист болып қана қоймай, осы депода қаншама шәкірт тәрбиеледі. Еңбегі ерен әріптесіміздің рухына тағзым ету – азаматтық борышымыз», – дейді Жем локомотив пайдалану депосының басшысы Дәулет Жалмұхамбетов.

Бауыржан Ұзақбайұлы Құлбасанов өмірінің соңғы жылдарында Жем локомотив пайдалану депосының бастығының орынбасары міндетін атқарған. Жем бойында туып өскен ол еңбек жолын 1986 жылы Ақтөбе локомотив жөндеу депосында слесарь болып бастаған. Ұзақ жылдар Ақтөбе локомотив депосында тепловоз машинист көмекшісі, машинист болған. 2011 жылдан 2020 жылға дейін Жем локомотив пайдалану депосында бастықтың пайдалану жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Суретті түсірген автор

ТЕННИСТЕН САЙЫС ӨТТІ

Маңғыстауда Тәуелсіздіктің отыз жылдығына арналған теміржолшылар арасындағы спорттық жарыс жалғасуда. Кәсіподақтың бастамасымен болып жатқан аталған сайыста бұл жолы түбек теміржолшылары үстел теннисінен бақ сынасты.

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Үстел теннисі бәсекесіне Маңғыстау қосалқы бөлімшесінің басшысы Нәжімеден Ғұбашов бастаған 14 адам қатысты. Ойынды бөлімше басшысымен Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің инженер-технологы Мұрат Құдайбергенов бастады.

– Кәсіподақ пен басшылықтың қолдау көрсетуінің арқасында Маңғыстау теміржолшылары қашанда спортқа жақын. «Дені саудың – жаны сау» деп бекер айтпаса керек. Спорттың кім-кімге де пайдасы орасан. Спорттың жыр-кімге де соңына дейін жалғасады, – дейді спорт нұсқаушысы Нұрайна Қыдырова.


Сайыс қорытындысы бойынша Мұрат



Құдайбергенов бірінші, қосалқы бөлімшенің техникалық бөлімі басшысы Ернар Айдарханов екінші, «Қазтеміртранс» Атырау филиалының Маңғыстау вагон паркін сақтау бойынша жол инспекторы Салтанат Иманғалиева үшінші орынды иеленді. Мерейі үстем болған жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Суретті түсірген автор

ТЕМІР ЖОЛДЫҢ «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМІ»



Қызылорда қалпына келтіру пойызының ұжымы 85 жылдық мерейтойын атап өтті. Әріптестерін айтулы датамен құттықтаған теміржолшылар «теміржолдың жедел жәрдемі» аталған қалпына келтіру пойызының ұжымына сала игілігі жолындағы қызметіне табыс тіледі.

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі мен «Теміржол» партия филиалы төрағасының атынан ұжым озаттарына марапат табыс етіліп, ерен еңбектеріне алғыс айтылды.

Мекеме бастығы Берік Әбжапаров барша ізгі тілектер мен құттықтауларға ұжым атынан алғысын білдіріп, аймақ теміржолында пойыздардың қауіпсіздігін сақтау жолында қызмет атқаруға қашан

да дайын екендерін жеткізді.

– Қызылорда қалпына келтіру пойызында отыз жылға жуық еңбек еттім. Ол кезде бүгінгідей техника көп емес, ескі-құсқының күтімін жасап, қайта-қайта жөндеп қолданатынбыз. Қайрат Баданов, Ғани Алтынбек, Андрей Кошмандар жақсы біледі, біз сол сатыдан өттік. Ал, қазір барлық техника жаңарған, бәрі автоматтандырылған, бір ғана



«ХЕШ» техникасы көтеру, түсіру, орнынан жылжыту секілді бірнеше жұмысты бір мезетте атқаратын әмбебап құрылғылармен жабдықталған, бүгінгі әріптестеріміз үшін біз қуаныштымыз, мерейтой құтты болсын! – деді зейнеткерлер атынан сөз алған Марат Оспанов.

Суретті түсірген автор

ПОДАРИЛИ ТЕПЛО ВЕТЕРАНАМ

В преддверии Дня независимости РК ОО «КАЗПРОФ-ТРАНС» совместно с волонтерами ҚТЖ организовали в столице благотворительную акцию – обеспечили углем более 30 ветеранов отрасли, проживающих в частном секторе.

 **Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Уже второй год подряд с наступлением холодов железнодорожники берут на себя заботы по доставке твердого топлива одиноким и нуждающимся пенсионерам, чьи дома не подключены к центральному отоплению.

– В узловом Совете ветеранов мы запросили списки бывших работников разных структурных подразделений компании, кому необходима такая помощь,



заранее договорились с угольными тупиками и организовали развозку на дом свыше 120 тонн угля. Были сложности из-за занятости водителей, с начала отопительного сезона у них много заказов. Но общими усилиями нам удалось в короткие сроки обеспечить теплом 32 ветерана отрасли, – рассказал менеджер департамента управления

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНІК БЕРІЛДІ



Маңғыстауда «Тоқтаңыз! Басып кету қауіпі бар!» акциясының төртінші кезеңі жалғасуда. 16 қараша күні Маңғыстау теміржол вокзалында желілік полиция мен прокуратура өкілдері азаматтарды қабылдап, құқықтық түсінік жүргізді.

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

– Мақсат – азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыру, тұрғындар мен балалар арасында темір жолда оқыс жағдайға ұшырау, жарақаттанудың алдын-алу, тұрған пойыздардың астынан, үстінен және теміржолдың белгіленбеген жерлерінен өту сынды ереже бұзушылықтар үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатын ескерту. Пойыздардың адам басып кету фактілерін болдырмау, осы тұрғыдан қауіпсіздікті сақтау мақсатында Маңғыстау теміржол вокзалындағы «Led» экранда бейнероликтер көрсетіліп,

жолаушылар мен вокзалға келушілерге дауыс күшейткіш арқылы теміржол бойындағы ережелер көрсетілген әртүрлі буклеттер таратылды. Көрнекі жерлерге «Тоқтаңыз! Басып кету қауіпі бар!» атты билборд ілінді. Жолаушылар пойыздарында да жадынамалар таратылды. ӘТЖК қызметкерлерімен бірлескен рейд жүргізілді, – деген Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы Н.Қуановтың айтуынша, акция аясындағы профилактикалық іс-шаралар алда Өзен және Жетібай станцияларында жалғаса бермек.

Онда оқушылар және колледж студенттерімен де кездесу жоспарланған. Сонымен қатар бөлімше инспекторлары



мектеп оқушыларына теміржолдағы жүріс-тұрыс ережелері жөнінде дәріс оқып, арнайы ойындар ұйымдастырмақ. Мұнайлы аудан әкімдігі жанында орналасқан орталық саябақтағы «Led» экранынан қауіпсіздікке қатысты ролик көрсетілмек. Еске сала кетейік, бұл профилактикалық акцияның бірінші кезеңі 23-29 тамызда өткен еді. Екінші және үшінші кезең қыркүйек пен қазан айларында жүргізілді.

Суретті түсірген автор



В рубрике «Рука помощи» мы призываем оказать посильную поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям и близким родственникам, а также ветеранам магистралей, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

С просьбой о помощи ко всем неравнодушным обратилась семья оператора дефектоскопии станции Шиндерты филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр диагностики пути» Жантаса Темиргалиева, который трудится в железнодорожной отрасли уже более 20 лет.

Супруге Жантаса Кабиболаевича поставлен диагноз «карцинома кардиального отдела желудка с переходом на нижнюю треть пищевода» (рак желудка 3-я стадия). В связи с ухудшением самочувствия она была направлена на операцию в Павлодарский областной онкологической диспансер. Учитывая

распространенность онкопроцесса, перед операцией Тыныштуган Темиргалиевой назначено 4 курса химиотерапии. Для восстановления здоровья после каждого курса необходимы дорогостоящие препараты, которые не входят в перечень лекарственных средств и медицинских изделий в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи.

Все силы и средства семьи железнодорожника брошены на борьбу с этой болезнью, но справиться с ней в одиночку не представляется возможным. Супруги Темиргалиевы воспитывают троих детей, один из которых – студент

Павлодарского государственного университета.

Со страниц нашей газеты Жантас Темиргалиев обращается к неравнодушным коллегам с просьбой о посильной помощи: «Каждый тенге даст шанс на выздоровление моей супруги и продлит жизнь матери моих детей».

Реквизиты: Kaspi gold 4400 4301 5637 0113 или по номеру телефона 8 705 451 29 81 Тыныштуган Т. (супруга); Nalyk bank 4405 6397 5478 4542 или по номеру телефона 8 705 547 85 74 Жантас Темиргалиев.